



ӘЛЕУМЕТ

## ҚОЙДЫҢ БАСЫ ҚОҚЫСТА ҚАЛМАСЫН

6-БЕТТЕ



ӘЛ-ФАРАБИ – 1150

## БАСШЫНЫҢ ОН ЕКІ ҚАСИЕТІ

8-БЕТТЕ



МӘДЕНИЕТ

## БАЛУАН ШОЛАҚТЫҢ ДОМБЫРАСЫ

16-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



# ASTANA



№97 (4066) | Сейсенбі | 18 тамыз 2020 жыл

## AQSHAMY



Елордада жедел жәрдем стансасына КВИ бойынша шақыртулар 500-ден 6-ға дейін азайғаны белгілі болды. Қала тұрғындарынан түскен өтініштердің жалпы саны тәулігіне 3 мыңнан 1 мыңға дейін төмендеген.

**Б**ас шаһарда коронавирус пен пневмонияның төмендеуіне байланысты науқастарды емдейтін стационарлар босатылады. Ауруханаға жатқызылғандардың саны бір жарым айда 10 есе азайды. Тиісінше, төсек қорының жүктемесі 99 пайыздан 17,2 пайызға дейін кеміді. Стационарлардағы КВИ расталып, ауруханаға жатқызылған науқастар саны 2000-нан 137-ге дейін (14 есе), пневмониямен ауырғандар саны 1333-тен 198-ге дейін (7 есе) азайған.

5

# ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ ҚОҢЫРАУ АЗАЙДЫ



Елбасы «Nur Otan» Саяси кеңесі бюросының отырысын шақыру туралы Қаулыға қол қойды.

«Елбасы, партия Лидері Нұрсұлтан Назарбаев «Nur Otan» Саяси кеңесі бюросының отырысын 2020 жылғы 24 тамызда шақыру туралы Қаулыға қол қойды» деп жазды «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек Twitter-дегі парақшасында.



Бас қаладағы «Мектепке жол» қайырымдылық шарасы бойынша көмек алу үшін 3629 өтініш түсті. Акция аясында жеті мыңға жуық бала жалпы сомасы 100 млн теңге болатын көмекпен қамтылатын болады.

Жыл басынан бері 4203 оқушыға киім және мектепке қажетті құрал-жабдықтар түрінде 42 млн теңгеге көмек көрсетілген. Сондай-ақ жаңа оқу жылында оқулықтармен қамтамасыз етуде ешқандай мәселе болмайды. Қыркүйекке қарай мектептер 2,3 млрд теңгеге 1 408 000 дана кітап алады. Оларды жеткізу және тасымалдау кесте бойынша жүргізіледі.



Елордада ашық аспан астында кинотеатр ұйымдастырылады. Бірақ авто-кинотеатр аумағына келушілер барлық санитарлық нормаларды ұстануы тиіс.

Көпшіліктің сұрауымен 17 және 22 тамыз аралығында даладағы авто-кинотеатр форматында болатын Nur-Sultan Auto-cinema Festival іс-шарасы қайта жанданады. Аталған шара «Astana Arena» стадионының Қабанбай батыр даңғылына қарайтын көлік тұрағында өтеді. Мұнда көрермендер отандық және шетелдік туындыларды тамашалайды.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 468.66 \$ USD/KZT 412.55 ₸ RUB/KZT 5.79 ¥ CNY/KZT 58.80

www.astana-akshamy.kz





## «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ПРАЙМЕРИЗДІҢ БАСТАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҮНДЕУІ

### Құрметті отандастар!

Пандемия салдарынан Қазақстан бүкіл әлем елдерімен бірге күтпеген қиындықтарға тап болып, жаһандық дағдарыстың ең қиын кезеңін бастан өткеруде.

Әлеуметтік-экономикалық ахуалдың күрт нашарлауы нәтижесінде дамыған мемлекеттер де дағдарыспен күресуде.

Мұндай жағдайда кез келген үкіметтің алдында тұрған ең өзекті мәселе – экономиканың дамуы және ел азаматтарының денсаулығы.

Бізге халықтың қауіпсіздігі мен амандығы үшін бар күш-жігерімізді салу маңызды.

Сондықтан Президентіміз, Үкіметіміз көп шараларды қолға алып жатқанын білесіздер.

Осы орайда медицина қызметкерлеріне ерекше алғысымды білдіремін. Олар пандемияның алғашқы күндерінен бастап коронавирусқа қарсы күрестің алдыңғы шебінде жүр.

Еріктілерге де алғысым шексіз. «Біз біргеміз!» акциясы аясында ғана «Жас Отан» барлық мұқтаж жандарға қолдау көрсеткен бес мың еріктінің басын біріктірді.

Әрине, кемшіліктер де болды. Коронавирус дағдарысы мемлекеттік басқарудың кейбір салаларында олқы тұстар бар екенін де көрсетті. Жедел әрекет ету жағы жетіспей жатты, мәселенің шешілуі бюрократиялық кедергілерге кеп тірелді.

Мемлекеттік органдар мен кейбір басшылар халықтың нақты проблемаларын жете сезінбейді деген сын айтылып жүргенін мен жақсы білемін. Бұл барлық деңгейдегі депутаттардың да жұмысына қатысты.

Оны көбіне орынды сын деп есептеймін. Депутаттар халықтың ортасында болып, елдің мұң-мұқтажын жеткізуге тиіс.

Депутаттардың міндеті – әрдайым ел мүддесін қорғау. Осыны ұмытпауымыз керек.

Үш жыл бұрын конституциялық реформа жүргізілді. Партиялық-саяси жүйеге терең жетілдірудің негізі қаланды. Парламенттің рөлі және Үкіметтің халыққа есеп беруі күшейтілді.

Сайланбалы органдарды сайлаудың пропорционалдық жүйесіне көшіруді жүзеге асырдық. Биыл саяси партияларды тіркеу шегі 2 есеге дейін төмендетілді. Партиялық тізімде әйелдер мен жастарға 30 пайыздық квота заңды түрде енгізілді.

Тек қана партиялар билікке жаңа адамдарды – өз ісінің кәсіби шеберлерін, беделді көшбасшыларды, өз елінің тағдырына жаны ашитын, шешім қабылдай білетін және конструктивті ұсыныстар айта алатындарды ұсынуы қажет.

Өзінің тарихи тұрғыдан жауапкершілігін сезіне отырып, «Nur Otan» «Сенім. Диалог. Келешек» бағдарламасын қабылдады. Билеуші партияның «қайта түлеуінің» нәтижесі елімізде ауқымды праймериз өткізу болмақшы. Бұл – партия ішіндегі сайлау. Бұл – нақты әлеуметтік саты. Бәсекелестік іріктеу, жаңа идеялар мен жобаларды іздеу. Көптеген танымал саясаттанушылар мен азаматтық белсенділер бұл идеяны қолдады. Бұл – «Nur Otan» жақтаушыларының лигасына біріккен және реформаларға қатысуға дайын, белсенді азаматтық ұстанымы бар адамдар. Ашық және есепберушілік партияшылық сайлауға қажетті жағдайларды толық жасадық.

Бастысы – қатысушылар үшін ашықтық пен адалдықты, тең жағдай мен бәсекелестікті қамтамасыз етуіміз керек.

Сенімділік пен өзара сыйластық болғанда халықты толғандыратын мәселелер көтерілетініне сенімдімін. Айтылған, көтерілген проблемаларды партия назардан тыс қалдырмауы керек.

Барлық шешімдерді облыстық, қалалық, аудандық сайлауалды бағдар-

ламаларға енгізу үшін бюджеттің мүмкіндігімен орайластыру қажет. Мемлекет алдында пандемиядан кейін экономикалық өсімді қалпына келтіру, жұмыс орындарын құру, шағын және орта бизнесті жандандыру мәселесі тұр.

Сонымен қатар пандемиямен күрес проблемаларын сараптап, оның екінші толқыны болуы жағдайына дайын болуымыз керек.

Осының бәрі партияның сайлауалды бағдарламасына енгізіледі және нұротандықтардың алдағы 5 жылдағы жұмысында басшылыққа алынады.

Барлық партиялықтарды және «Nur Otan»-ның жақтаушыларын еліміздің осы бір маңызды саяси оқиғасына қатысуда белсенділік танытуға шақырамын.

### Құрметті отандастар!

Біз Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында тұрмыз.

Ғасырға тең келетін жол жүріп өттік.

Біздің буын ауыртпалығы мол дағдарыс кезеңінде егемен мемлекет құрды.

Ұлттық экономика қалыптасты. Шекарамыз шегенделді. Қазақстан әлемге бейбітсүйгіш ел ретінде танылды.

Біз тұрақтылық пен келісімді сақтап білдік. Біртұтас ұлтқа айналдық.

Бірақ алдымызда әлі де көптеген қиындықтар бар екені анық.

Мен әрдайым айтып келемін және қазір де қайталап айтамын: «Тәуелсіздікке қол жеткізу бір бөлек, оны көздің қарашығындай қорғап, нығайтып, келер ұрпаққа тапсыруға тиіспіз».

Сондықтан жиған тәжірибемізге сүйеніп, өткен күннен сабақ алып, алға ұмтылуымыз керек.

Ортақ мақсат – елдің ертеңі, халықтың болашағы жолында біріге алатындар ғана табысқа қол жеткізетінін ұмытпайық.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАБЫЛДАДЫ

» Мемлекет басшысы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваны қабылдады.



Қазақстан Президентіне министрлік жұмысының қорытындылары, сондай-ақ, оның қызметін одан әрі дамыту туралы ақпарат берілді.

Кездесуде ақпараттық саясат және азаматтық қоғам мәселелеріне ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, Аида Балаева отандық бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік бастамаларын қолдау және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жайында баяндады.

Кездесу қорытындысы бо-

йынша Президент министрлік алдына бірқатар нақты міндеттер қойды.

Қазақстан Президенті Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Анар Жайылғанованы да қабылдады.

Анар Жайылғанова Қасым-Жомарт Тоқаевқа агенттік жұмысының негізгі бағыттары бойынша есеп берді.

Мемлекет басшысы «Президенттік жастар кадрлық резерві» бойынша жұмысты жалғастыруды, оған енген азаматтардың жұмыспен қамтылуына мониторинг жүргізу және резервке кіру шарттарын реттеуді тапсырды.



## ОНЛАЙН-ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

» Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов азаматтарды онлайн-қабылдау өткізді. Бұл туралы ол өзінің Instagram-дағы парақшасында жазды.

«Азаматтарды тұрақты түрде онлайн-қабылдап жатырмыз. Бүгін қала тұрғындары тұрғын үй, спортпен айналысу үшін жағдайды жақсарту және т. б. мәселелерді көтерді» деп жазды қала басшысы.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биыл қолжетімді тұрғын үй көлемі ұлғаяды. Әлеуметтік пәтерлер кезекте тұрған азаматтарға (халықтың әлеуметтік әлсіз топтары), «Тұрғын үй құрылыс

жинақ банкінің» салымшыларына беріледі. «Қазақстандық ипотекалық компаниямен» бірлесіп отырып, дәрігерлер, мұғалімдер, әлеуметтік қызметкерлер, полицейлер және т. б. үшін бірқатар тұрғын үй саламыз» деп түсіндірді әкім. Сондай-ақ Алтай Көлгінов спорт нысандарын ашу және спортпен айналысуға жағдай жасау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілетінін, көтерілген мәселелер жоспарға енгізілгенін мәлім етті.

## Құрметті Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары!

«Nur Otan» партиясының қалалық филиалы бастауыш партия сайлауын – праймериз өткізу туралы хабарлайды!

Праймериздің мақсаты – Парламент мәжілісіндегі және мәслихаттағы тиімді депутаттық корпусы одан әрі қалыптастыру, партиялық желі бойынша ілгерілету, оларды мемлекеттік органдардағы лауазымдарға ұсыну үшін бәсекелестік күрес негізінде нақты және мықты көшбасшыларды анықтау.

Праймериз кезінде партиялықтармен пар-

тия бағдарламаларында өз шешімін табатын өзекті, нақты жергілікті мәселелер анықталатын болады. Егер Сіз біздің ауданның/қаланың/облыстың тағдырына немқұрайлы болмасаңыз және Сіз оны жақсартқыңыз келсе – праймеризге қатысуға шақырамыз!

Іріктеуге жасы 20-дан асқан, сотталмаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

Праймеризге қатысуға тек партия мүшелері ғана емес, сонымен қатар, партиялық емес,

бірақ «Nur Otan» партиясына мүше болғысы келетіндер де жіберіледі.

Қалай қатысуға болады:

1-қадам. Егер партия мүшесі болмасаңыз, «Nur Otan» партиясына кіру;

2-қадам. «Праймериз» ақпараттық жүйесіне тіркелу. Тіркеуді primaries.kz сілтемесі арқылы немесе Google Play және App Store-дан жүктеп алуға қолжетімді «Primeries» мобилді қосымшасы арқылы өтуге болады;

3-қадам. Өтініш беру және қажетті құжат-

тарды сайтқа немесе қосымша арқылы жүктеу; 4-қадам. Өзінің онлайн өтінімін растау үшін үміткер аумақтық ұйымдастыру комитетіне жеке өзі келуі тиіс.

Сондай-ақ, өтінімді Нұр-Сұлтан қ., Тәуелсіздік 3, №9 каб. мекенжайы бойынша жеке ұсынуға болады:

Байланыс телефондары: 8 708 254 30 21; 8 708 254 31 24.

Өтінімдер 2020 жылғы 17 тамыздың 9.00-ден 28 тамыздың 18.00-ге дейін қабылданады.

## «ANTIKOR ORTALYGY» – АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ

» «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжановқа елордалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті жанындағы «Antikor ortalogy» сервистік орталығының жұмысы таныстырылды. Іс-шараға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов, Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен қатысты.

Орталықтың негізгі қызметі қоғаммен ашық алаңда өзара қарым-қатынас жасау және тұрғындармен тиімді кері байланыс орнатуға бағытталған. Қабырғалары әйнекпен жабдықталған департамент қызметкерлерінің кабинеттерін көрген қонақтар бұл бастамалардың ашықтық пен сенімділікті қамтамасыз ететінін атап өтті. Қонақтарға тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою, мемлекеттік қызметті алу кезінде қолайлы жағдайлар жасау және қоғамдық бақылаудың іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында «Астана адалдық алаңы» жобасы аясында атқарылып жатқан бастамалар таныстырылды.

Сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің бюджет қаражаттарының жұмсалынуы онлайн режимде қоғамдық бақылауға мүмкіндік беретін «Ашық бюджеттердің интерактивті картасы» жобасы ұсынылды. Департамент қызметкерлері карантин жағдайында тұрғындармен жедел байланыс орнатуға қолайлы «Antikor.Live» жобасы аясында жүргізілетін тікелей эфирлер мен брифинг



студиясының жұмысы туралы айтты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жанындағы ақпараттық-ағартушылық штабының жетекшісі Бірза Тұрсынзада қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, адалдық пен парасаттылық қағидаттарын насихаттау бағытында атқарылып жатқан жұмыстары жөнінде ақпарат берді.

Кездесу қорытындысы бойынша Ералы Тоғжанов Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті қызметіндегі ашықтық пен қоғаммен сындарлы ынтымақтастықты қамтамасыз етудегі жұмысына оң бағасын берді. Сонымен қатар бұл тәжірибені ақпараттық алаңдарда кеңінен жариялап, басқа мемлекеттік органдардың жұмысына енгізу қажеттігін атап өтті.

## ӘКІМНЕН 793 ГРАНТ БӨЛІНДІ

» Нұр-Сұлтан қаласының әкімі 2020-2024 жылдарға жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға 793 грант бөлді.

2018 жылдан бастап елорда әкімдігі жоғары оқу орындарында бас шаһар үшін аса қажет мамандықтарға мемлекеттік тапсырысты орналастыра бастады. Ол үшін қала әкімінің төрағалығымен тәуелсіз комиссия құрылып, оған қалалық басқармалардың, қоғамдық ұйымдардың басшылары мен Кәсіпкерлер палатасының өкілдері кірді.

Конкурстық комиссияның қорытындысы бойынша мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізімі анықталды.

Жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурста қатысу үшін оқуға түсуші жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) қабылдау комиссиясына немесе ақпараттық жүйе арқылы жоғары білім алу үшін 10-20 тамыз аралығында және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін 24 тамыз-2 қыркүйек аралығында құжаттарды тапсырады:

- 1) белгіленген үлгідегі бланкіде өтінішті;
- 2) білімі туралы құжатты (құжаттар-

ды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде төлнұсқа);

3) ҰБТ сертификатын (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде);

4) 086-у нысаны бойынша медициналық анықтаманы;

5) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде ЖЖОКБҰ-ның тілдік даярлықты күшейтуге арналған даярлық бөлімдерін бітірген тұлғалар ЖЖОКБҰ-ның ректоры қол қойған бітіргені туралы транскрипт ұсынады. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және тиісінше мамандық бойынша кемінде бір жыл жұмыс етілі бар тұлғалар қосымша мына құжаттардың біреуін тапсырады:

- 1) еңбек кітапшасы;
- 2) ұйымның мөрімен (егер бар болса) куәландырылған жұмыс берушінің қолы қойылған қызметтік тізім (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі

туралы мәліметтер тізбесі);

3) қызметкердің еңбек қызметі туралы ақпарат көрсетілген архивтік анықтама;

4) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан алынған әлеуметтік аударымдар туралы мәліметтер;

5) жұмыс беруші тоқтатылу күні мен негіздемесі туралы белгі қойған еңбек шарты;

6) жұмыс берушінің актілерінен еңбек шартын жасасу және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауы мен тоқтатылуын растайтын үзінділер;

7) жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінділер.

Жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурста қатысу үшін оқуға түсуші өтініште өзі таңдаған жоғары білімнің беру бағдарламаларының тобын және ЖЖОКБҰ-ны көрсетеді. Бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда, оқуға түсуші білім беру бағдарламаларының төрт тобына дейін көрсете алады.



АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ!»

Мейрам ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ, елорда тұрғыны:

– Дүйсенбіден еліміздегі карантин режимі жеңілдетілді. Соған байланысты елордадағы Халыққа қызмет көрсету орталығының жұмыс кестесі ұзартылды ма?

Бұл сауалға «Азаматтарға арналған үкімет» Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының баспасөз қызметі жариялаған хабарламаны ұсынамыз:

– 17 тамыздан бастап Нұр-Сұлтан қаласындағы ХҚКО-лар қызмет алушыларды дүйсенбі-жұма күн-

дері 09.00-ден 20.00-ге дейін қабылдайтын болады. Дегенмен құжаттандыру бөлімі (жеке куәлік, паспорт) жұмыс күндері 09.00-ден 18.30-ға дейін қызмет көрсетеді. Авто ХҚКО-ларда құжаттар жұмыс және сенбі күндері 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады, дайын құжаттар 09.00-ден 20.00-ге дейін берілетін болады.



## «КӨГІЛДІР ОТЫНМЕН» ЖЫЛЫТЫЛАДЫ

» Биылғы қыста елордадағы біраз жеке үйлер көгілдір отынмен жылытылады. Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстарды Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов өзі көріп, тұрғындармен кездесті.

– Қазіргі күні «Железнодорожный» – 100, «Промышленный» – 80, «Көктал-1» елді мекендері 70 пайыз газбен қамтылды. «Көктал-2» елді мекенінде екі көше ғана қалды. Бұл жұмыстар «Агроқалашық», «Оңтүстік-Шығыс» елді мекендерінде де жүргізілуде. Енді газ желілерін жеке үйлерге жеткізу жұмыстары «Көктал-1/2», «Железнодорожный», «Промышленный», «Агроқалашық» тұрғындары үшін (Тілендиев даңғылы – Көктал – т/ж жолы – Бөкеев көшесі шекарасында) үйлерді газбен жабдықтау

желілеріне қосуға техникалық шартты берудің тегін рәсімі басталды. Ол үшін Болашақ, 4/2 және Ж.Жабаев, 12/2 көшесінде фронт-кеңселер ашылды, – деді қала басшысы.

Сондай-ақ аталған елді мекендер, оның ішінде «Агроқалашық», «Оңтүстік-Шығыс» тұрғындарының қосып алуына мүмкіндік бар. Тұрғындар үшін тегін есептегіштер қарастырылған. Елорданы газдандырудың өзі үш кезеңнен тұрады. Күзде елордадағы №1-2 жылу электр орталығы «көгілдір отынға» ауыспақ.

## БІЛІМ БЕРУ НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

» Елорда әкімі Алтай Көлгінов бірқатар білім беру нысандарындағы жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысты.



«Жөндеу жүріп жатқан әрбір мектепке, балабақшаға қатысты мәселе бар. Шатырынан бастап желдету жүйесіне дейін қарастыру қажет. Бүгін кешкілік аралау барысында бірқатар білім беру нысанында жүріп жатқан жұмыстарды қарадым. №84 мектеп-лицейі (Ұлы дала даңғылы, 7/1) автономды жылыту жүйесінен орталық жылыту жүйесіне ауыстырылды. Мекеме директорының есебі бойынша осы арқылы отынды 7 есеге үнемдеуге болады. Бұрын бұл мектепке автономды жылыту құны 100 млн теңгеден асты» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

А.Байтұрсынов атындағы №48 мектеп-лицей-

іні (Жирентаев көшесі, 15/2) қасбеті жөнделіп, жаңа желдету жүйесі орнатылуда. Сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған көтергіш орнатылды.

– Оқу жылының басынан бастап 1-4-сынып оқушылары «кезекші топтарда» оқитынын ескере отырып, мектептерде арақашықтық сақтау қажеттілігі туралы жадынамалар әзірленді. Балалар парталарға шахмат тәртібімен отырады. Биыл барлығы 26 білім беру нысаны (мектептер, балабақшалар, колледждер) жөндейміз. 12 мектеп салып, пайдалануға береміз. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда екі есе көп, – деді А.Көлгінов.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

## ОРТА БИЗНЕС ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРАДЫ

### САУДА ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН 8,5 МЫҢ КӘСІПОРЫН ҚАЙТА АШЫЛДЫ

» COVID-19 індеті экономиканың көптеген салаларына әсерін тигізді. Одан, әсіресе, шағын және орта бизнес секторы көп зардап шекті. Қазақстанда бизнестің бұл саласында 3,3 млн адам еңбек етеді, ол жұмыспен қамтылған халықтың 37 пайызын құрайды. Ел экономикасындағы жалпы ішкі өнімнің 30,8 пайызы шағын және орта бизнеске тиесілі. Еуроодақ елдерінде жұмыс орындарының 60 пайызы және жалпы ішкі өнімнің 55 пайызы осы сектордың үлесінде.

Нұр-Сұлтан қаласы шағын кәсіпкерлік саласында карантин жарияланғанға дейін 360 мың адам еңбек еткен еді. Енді оның кесірінен олардың көпшілігі екі қолға бір күрек таба алмай қалды. Аты жаман дерттің қаупіне жұмыссыздықтың ауыртпалығы келіп қосылды. Әлеуметтің көңілі күп болды, баяғы уайымсыз күндер бастан бұл-бұл ұшты.

«Өлмеген құлға өлі балық кездеседі» деген, енді, міне, 17 тамыздан бастап карантин шаралары кезең-кезеңмен алынып, шағын және орта бизнеске ептеп жан кіре бастады. Тек кәсіпкерлік нысандарына, қоғамдық тамақтандыру орындарына, басқа да қызмет көрсетуге рұқсат етілген объектілерге барған кезде тұтынушылар

жалпыға ортақ бірқатар сақтандыру шараларын (маска кию, қашықтықты сақтау және антисептиктерді пайдалану, т. б.) орындауы міндеттелген.

Бұл шара мемлекеттің отандық бизнеске қолдау көрсету ниетінен жасалып отыр. Әйтпесе, індеттің беті қайтты демесеңіз, оның қаупі әлі сейілген жоқ. Жергілікті әкімдік осы қадам арқылы шағын және орта кәсіпкерліктің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, ішкі сұранысты арттыру, банкротқа ұшырау процедурасын жеңілдету және бизнесті жедел әрі кедергісіз қайта жандандырып әкету мақсаттарын көздейді.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі сауда және қызмет көрсету саласы бөлімінің басшысы

Руслан Ыдырысовтың айтуынша, бүгін бас қаладағы барлық сауда, ойын-сауық орталықтары мен 8,5 мың кәсіпорындардың жұмыстары қайта іске қосылған.

Негізінен, қалада 9 мыңдай кәсіпорын болса, олардың біразы ескерту алғандықтан, жұмыстары кейінге шегерілген. Яғни ол жерлерде бетперде режимі бұзылып, әлеуметтік арақашықтық тиісінше сақталмаған.

СОО-лардың тамақтану орталықтары мен балаларға арналған ойын-сауық алаңдарының, кинотеатрлардың есігі әлі де жабық. Тек киім, әшекей бұйымдар сататын бутиктер мен супермаркеттер, фитнес клубтары жұмысын бастады.

Карантиннен кейінгі бірін-

ші жұмыс күніне орай елорда әкімдігінің мамандары мен мониторингтік топ мүшелері қаладағы бірқатар кәсіпорында аралап қайтты.

Мәселен, жұмыс тобы бас сұққан «Азия парк» сауда, ойын-сауық орталығында сақтандыру талаптарына сай барлық санитарлық шарттар сақталған екен.

– «Азия парк» орталығы әзірге аптаның жеті күнінде күнделікті сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді. Әрине, әдетте демалыс күндері сауда қызып тұратын, бірақ қазіргі пандемияға байланысты біз халықтың қауіпсіздігі үшін санитарлық талапты сақтаймыз. Мұнда жағдайды барынша бақылап отырамыз. Келушілердің температурасы тексеріледі. Егер



адамдардың осында кіргеннен кейін ыстығы көтерілсе, бірден жедел жәрдем шақырылады. Карантиннің бизнеске кері әсері болғанмен, бізде жалға алушы кәсіпкерлердің барлығы 100 пайыз орында-рында қалды. Басқа да қатардағы қызметші-жұмысшылар да ешқайда кеткен жоқ, бәрі қайтып оралып жатыр. Әсіресе, тазалық жұмысын күшейт-

тік, – деді «Азия парк» СОО директоры Андрей Чергарев.

Сонымен қатар жұмыс тобы «Азия парк» СОО ішінде орналасқан Fitness First фитнес клубының жұмысын тексерді. Мұнда бұрын күніне 300 адамға дейін жаттығыпты. Енді клуб санитарлық талапқа сәйкес жаттығушылардың 50 пайызына ғана кіруге рұқсат етіледі.

Бетті дайындаған  
Дәулет АСАУОВ

## МҰРЖА ТАЗАЛАУШЫЛАР ЖЕТІСПЕЙДІ

» Биыл елордада 300-ге жуық өрт оқиғасы тіркелді. Оның жартысынан көбі жекеменшік тұрғын үйлерде болған. Мамандар алдағы қыс кезінде өрт қаупі мұнан арта түспесе, кемімейтінін айтады. Әсіресе, пеш жағатындар абай болған жөн.



да жұмысы қауырт қазір.

Ерлан Болат, мұржа тазалаушы:

– Біз бұрын ауылда тұрғанда осындай қазақы пеш болған. Әрдайым бықсыды. Әкем оны тазалайды. Сосын есейген соң мен де тазалайтын болдым. Қазір мұржа тазалайтын небір жақсы аппараттар бар ғой, содан бері жұмысымыз жеңілдеді. Алғашында оны игере алмай қорқақтайсың, кейін үйреніп кетесің, – дейді ол.

Пешті өздігінен тазалай алмайтын, оған ерінетін адамдар көп. Жеке үйлерде тұратын мұқтаж жандар болады, оларға да

көмек керек. Пештің мұржасын өздігінен тазалауға көбінің шамасы келе бермейді. Осындайда мұржа тазалаушыларға деген сұраныс артады. Жылыту мерзіміне мұқият даярланбаса болмайды. Осыны ескерген қалалық төтенше жағдайлар қызметінің мамандары үй-үйді аралап, өрттің және улану жағдайларының алдын алуға тырысады. Жылыту маусымы қарсаңында әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың пешін көріп, өрт дабылын да тегін орнатып береді.

Людмила Стрижак, қала тұрғыны:

– Пештің сиқы мынау. Біз

көшіп келгенде осындай күйде болды. Жазды күні оған от жағып, үйді жылытып көрмедік. Қорықтық. Енді арнайы мамандар келіп, оны жөндеп берді. Үш балам бар. Солардың қауіпсіздігіне бұдан былай алаңдамайтын болдым, – деп мұның шақты ол.

Жыл басталғалы елордада 300-ден астам өрт оқиғасы тіркелді. Оның тең жартысы тұрғын үйлерде болған. 12 адам тілсіз жаудың құрбанына айналды.

Бауыржан Сыздықов, қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы:

– Былтыр 12 адам өрттен қайтыс болды. Солардың 5-еуі өздері ішкілік ішіп, қайғылы жағдайға душар болып отыр. Көп жағдайда жылыту пештерін дұрыс қолданбаудан, масаң адамдардың қауіпсіздікті сақтамауынан, электр сымдарының дұрыс жалғанбауынан өрт шығады. Өрттің себептері жетерлік, мен солардың ең жиі кездесетін түрлерін айтып отырмын, – деді маман.

Былтырғы жылғы рейдтердің қорытындысы бойынша өрт қауіпсіздігі ережесін бұзудың 18 мың дерегі тіркелген. Мамандар көбіне жеке секторда талап орындала бермейтінін айтады. Сондықтан тұрғындардың өрттің алдын алу шараларына бей-жай қарамауын ескертеді.

» Күз, қыс айларында өрт қаупі артады. Сондықтан да бас қалада өрттен сақтану, өрттің алдын алу жұмысына айрықша ден қойылып, қала бойынша және қалаға қарасты аудандарда өрт қауіпсіздігін тексеру жұмыстары үзбей атқарылып тұрады.

## ӨРТТЕН САҚТАНУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Байқоңыр ауданы әкімі аппаратының қызметкерлері мен төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары көмірқышқыл газымен улануды азайту мақсатында тұрғын үйлерге дабылды датчиктер орнату жұмыстарын бастады. Аталған ауданда биыл 200 үйге дабыл

орнату жоспарлануда.

Арнайы дабыл қондырғысы көмірқышқыл газының асып кетуі жағдайында оны анықтауға және құтқаруға көмектеседі. Дабылды датчиктер демеушілер есебінен әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың үйлеріне орнатылады.



# ҚАУІП СЕЙІЛГЕНМЕН, ҚАТЕР БАР

Жаһанды жайлаған індеттің бетін екінші рет қайтардық. Алайда алдыңғы карантиннен сабақ алып, барлық санитарлық-профилактикалық нормаларды қатаң сақтау ғана инфекция жұқтырудың қайта өспеуіне көмектесетінін ескеруіміз керек. Дәрігерлер карантинді біртіндеп алып тастау босаңсуға себеп болмауы тиіс дейді. Сондықтан тойлар мен көпшіліктік іс-шараларды өткізуге әлі де тыйым салынады.

Елорданың Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов күні кеше өткен «Медициналық ұйымдар қызметінің қайта іске қосылуы және емделіп шыққандарды оңалту шаралары» атты брифингте денсаулығымызға мұқият болып, ортақ жауапкершілікті сезінуге, тиісті санитарлық-профилактикалық нормаларды сақтау инфекцияның таралуын болдырмауға мүмкіндік беретінін есте сақтауға шақырды.

Қазіргі таңда КВИ мен пневмониядан зардап шеккендерді оңалтудың үшінші кезеңі жүреді. Науқастар жаттығу терапиясы, массаж, физиотерапия сияқты қалпына келтіру көмегінің көлемі мен ұзақтығын анықтайтын реабилитолог-дәрігердің кеңесін алады. Бүгінде амбулаториялық деңгейде медициналық оңалту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен қашықтан медициналық қызметтерді ұсыну үшін нормативтік құқықтық актілер мен емдеу хаттамалары жасалуда. Науқастарға арналған нұсқаулық және медициналық қызметкерлерге тыныс алуды қалпына келтіру бойынша нұсқаулықтар жасалып, бекітілді, – дейді ол.

## ЕМХАНАЛАР ЖҰМЫСЫ ЖАНДАНДЫ

Елорданың барлық емханалары алдын ала жазылу бойынша жоспарлы түрде қабылдау жүргізуді бастады. Дәрігерлер ересектер мен балаларға профилактикалық тексеру жүргізуде. Соның ішінде скрининг, жоспарлы стоматологиялық қызметтер, оңалту қызметтері, медициналық-әлеуметтік қолдау, медициналық-әлеуметтік сараптамаға медициналық құжаттарды ресімдеу, психологиялық көмек, күндізгі стационарлардың жұмысы, тәуліктік және күндізгі стационарларға жоспарлы емдеуге жатқызуға жіберу қызметтері бар. Іс-шараларды жүргізу барысында күшейтілген санитарлық-эпидемиологиялық нормалар қатаң сақталады. Емханалар таңертең сағат 08:00-ден 17:00-ге дейін жұмыс істейді. Сондай-ақ коронавирус инфекциясының белгілері бар адамдарды қабылдайтын фильтр-кабинет жұмысы жалғасуда. Қазіргі уақытта қалада тәулігіне 5,5 мың зерттеу қуаты бар 9 ПТР-зертхана жұмыс істеп тұр. Оларда барлығы 305 мыңнан астам зерттеу жүргізілді.

– Әкімдік медицина мекемелеріне 600-ден астам флоуметр,



500 оттегі концентраторы, 500 арнайы кереует, өкпені жасанды желдету құралдары және компьютерлік томография аппараттарын жеткізді. Шілде айында екі апта ішінде қалаға пневмония, коронавирус және басқа да ауруларды емдеуге қажет 110 тоннадан астам дәрі-дәрмек жеткізілді. Бұл жұмыстарды әкімдік тұрақты негізде жүргізеді, – деді басқарма басшысы.

## ПНЕВМОНИЯНЫҢ БЕТІ ҚАЙТТЫ

Елордада коронавирус пен пневмонияның төмендеуіне байланысты науқастарды емдейтін

стационарлар босатылуда. Ауруханаға жатқызылғандардың саны бір жарым айда 10 есе азайды. Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласының стационарында коронавирус пен пневмониядан 343 адам емделуде.

КВИ анықталған жүкті, босанатын және босанған әйелдерге уақытылы медициналық көмек көрсету үшін 18 маусымнан бастап 185 төсекке арналған №1 ҚҚА-да акушерлік блогы жұмыс істейді. Биыл 5 шілдеден бастап ауруханаға жатқызылған науқастардың саны 4 мыңнан 343 адамға немесе 10 есе азайды. Тиісінше төсек қорының жүктемесі 99 пайыздан 17,2 пайыз-

ға дейін кеміді. Стационарлардағы КВИ расталып, ауруханаға жатқызылған науқастар саны 2000-нан 137-ге дейін немесе 14 есеге, пневмониямен ауырғандар 1333-тен 198-ге дейін немесе 7 есе төмендеді.

Пандемияның өршуі басылғанына байланысты КВИ-мен күресуге жұмылдырылған денсаулық сақтау объектілерінің саны қысқаруда. Осылайша, негізгі қызметін қайта бастаған 6 денсаулық сақтау нысаны кезең-кезеңімен жабылды. Эпидемиологиялық жағдай асқынған жағдайда, олардың жұмысы жедел қалпына келтіріледі. Қазіргі уақытта 10 стационар іске қосылған.

Бетті дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

# КАРАНТИННЕН БІРДЕН БАС ТАРТПАЙМЫЗ

Карантиннен кейін де қатаң сақтайтын талаптар көрсетілген қаулыға сәйкес, елордада ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шаралар, отбасылық, еске алу жиындары, жиналыстар мен тағы да басқа отырыстар өткізуге болмайды.

Спорт жаттығулары тек ашық ауада жеке тәртіппен және міндетті түрде кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, 5 адамнан аспайтын топтар арасында ғана өткізіледі. Табиғат аясында экскурсиялық, корпоративтік, топтық сапар ұйымдастыруға және өңірлердің көрікті жерлеріне шолу жасауға, сондай-ақ жағажайларда шомылуға тыйым салынады. Бұлар тек бір отбасы мүшелерінен немесе 3 адамнан аспайтын топтарға ғана рұқсат етіледі.

Бұрынғыдай 65 жастан асқан адамдардың қалада және қоғамдық орындарда жүріп-тұруына шектеу сақталып отыр. Ауаларда серуендеуге және саябақтарға, алаңдарға, скверлерге, жағалауларға 3 адамнан аспайтын топтармен немесе бір отбасы мүшелеріне міндетті түрде бетперде киіп және кемінде 2 метр



әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып баруға рұқсат беріледі.

## СЫРТА ТАМАҚ ІШУ ТӘРТІБІ ҚАЛАЙ?

Кәсібіне карантин тұсау салған мейрамхана, бар, дәмхана жұмысына рұқсат берілді. Ғимараттың ішінде де, жазғы алаңда да 30-дан артық емес адам қабылдау арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтық сақталып, бір үстелге отыратын адам саны 4-6-дан аспауы қажет. Қоғамдық тамақтану орындарына жұмыс күндері таңертең сағат 9:00-ден кешкі 23:00-ге дейін ғана жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Ал жеке иелік аумақтары мен тұрғын

ұй ғимараттарында орналасқан нысандар үшін жұмыс кестесі сағат 9:00-ден 22:00-ге дейін болады. Демалыс күндері мұндай объектілердің жұмысы тек ашық ауада, орын саны 30-дан аспайтындай етіп ұйымдастырылады.

## ӘР АДАМҒА 4-5 ШАРШЫ МЕТРДЕН КЕЛСЕ ҒАНА

17 тамыздан бастап жұмысын қайта бастайтын кәсіпкерлік субъектілерінің қызмет түрлерінің тізбесінде СОСО, сауда үйлері, сауда желілері, жабық базарлар бар. Бұлардың толымдылығы 30 пайыздан аспауы тиіс, ғимарат ішінің аумағы 1 келушіге 4 шаршы метрден келуі керек. Сонымен қатар сұлу-

лық салондары, шаштараз, СПА орталықтары, косметологиялық қызмет көрсететін нысандар да жұмысын бастайды. Бассейні жоқ фитнес орталықтардың толымдылығы 50 пайыздан аспауы тиіс және 1 келушіге 5 ш.м болады. Бассейні жоқ моншалар мен сауналардың да толымдылығы 50 пайыздан аспайды. Балаларға арналған түзету кабинеттері, балалар және ересектерге білім беру орталықтарындағы топтарда балалар алдын ала жазылу арқылы 5 адамнан аспауы керек. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің кезекші топтарындағы адам саны 15-тен көп болмауы қажет. Жұмыс берушілер қызметкерлерінің кемінде 80 пайызы үшін қашықтан жұмыс істеу форматын сақтауы ұсынылды.

Нұр-Сұлтан қаласында COVID-19-дан емделген соңғы науқас жаңа туған сәбиімен ауруханадан шығарылды. Босанған әйел жұқпалы аурулар ауруханасына тамыздың басында КВИ және орта ауырлық дәрежесіндегі пневмониямен түсті. Тыныс жетіспеушілігіне байланысты оған шұғыл ота жасалды. Бала сау болып дүниеге келді. Сауығына байланысты ана мен бала ауруханадан шығарылды.

## АНАСЫ ДА, БАЛАСЫ ДА АМАН

17 тамызда №1 көпбейінді қалалық аурухананың акушерлік бөлімшесі КВИ-ден соңғы науқастың емделіп шығуына байланысты жұқпалы аурулар ауруханасы ретінде қызметін тоқтатып, штаттық режимде жұмыс істеуге дайындалуда.

Әйелдің туыстары аурухананың барлық қызметкерлеріне, дәрігерлерге алғыс білдірді.

№1 көпбейінді қалалық аурухананың акушерлік бөлімшесі 17 маусымда жұқпалы аурулар ауруханасы болып қайта құрылып, коронавирус инфекциясы бар жүкті әйелдерге көмек көрсетті. Мұнда барлығы 779 науқас емделді, олардың ішінде 378-і ауыр және орташа пневмониямен түскен. Барлық жұмыс кезеңінде инфекциялық акушерлік бөлімде 351 нәресте дүниеге келді.

# АУЫЛ ЕЛДІҢ ҚАЗЫНАСЫНА АЙНАЛСА...

» Қалың елім, қазағымның ең басты байлығы – малы мен жері. Жер жеке меншікте болса, оны банктерге кепілдікке беріп, тиімді пайдалануға несие аламыз дедік. Міне, содан бері отыз жыл өтіпті. Жердің ырың-жырыңы кейде өршіп, кейде басылып, бітетін түрі жоқ. Себебі банктерге кепілдікке берген жерге шетел азаматтарының ие болу мүмкіндігі жеткілікті.



Бірен-саран ауылда қалған ағайынның малы бар да, жері жоқ, жері бардың малы жоқ. Жері мен малы болса, қаражаты жоқ. Шынын айтсақ, банктерден жерді кепілдікке беріп несие

алу – рейдерліктің, жер мен жер үстіндегі жылжымайтын мүлікке айлакерлікпен біреулердің ие болуының бір тәсілі. Бұған бәсекелестікті қосыңыз. Қазіргі бәсекелестердің бар мақсаты – тек өз

кәсібін ғана ұлғайту мен дамыту, сондай-ақ мүмкіндік болса бақталасының көзін құрту. Осындай олқылықтар мен кемшіліктердің бір-біріне жалғаса беріп, көбеюін тоқтатпасақ, күні ертең ауылдың да жоқ болуы ғажап емес. Ал малы мен жеріне қоса ауыл жоғалса. Онда ондай елдің болашағы да бұлыңғыр болмақ. Менің ойымша, осыны ойлаған Президентіміз былтыр Көкшетауда ашуын жасырмай-ақ, көз-баяушылықты тоқтатындар да, латифундистер тегін алған және иесіз жатқан жерді адал ниетті еңбекқор азаматтарға беріндер деді. Жерді тек қана конкурс арқылы беруді міндеттеген және ешқандай сын көтермейтін Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығы ауыл кәсіпкерлерінің көңілінен шықпады. Бұл – бір. Екіншіден, жерді ауыл кәсіпкерлеріне конкурспен беретін, ақылға сыймайтын айла-тәсілдің орнына оңай әрі көңілге қонымды, берушілер мен алушыларға бірдей тиімді жерге ие болудың жаңа ережелерін бекіту керек.

Осы орайда ауыл тұрғындарына және ауылға көшіп барушыларға олардың жеке қосалқы шаруашылығына 0,25 гектардан бастап 1,0 гектарға дейін жер беруді; орта мектеп мен кәсіби

колледж оқушыларын оқу-өндіріс бригадалары және жоғары оқу орындарында студенттер отрядтары арқылы жасөспірімдер мен жастарымызды өнімді еңбек етуге мотивациялауды; ауылдарымыздың бәрінде адамдардың өмір сүру сапасын қала тұрғындарының тұрмыс жағдайы деңгейіне жеткізуді және алдағы уақытта қабилданатын заңдар, мемлекеттік бағдарламалар мен ұсыныстарды қабылдауда оны дайындағандардың жауапкершілігін арттырып және белгіленген нәтижеге қол жеткізуге міндетті шенеуніктерді атап айтуды ұсынамын.

Бір қарағанда, осы ұсыныстардың бәрі таңғажайып, қол жетпейтін қиял-арман болып көрінуі ғажап емес. Ал шынына келсек, тарихтың өткен кезеңдерін сараптап, өркениетті елдерінің бүгінгі тіршілігіне тоқтасақ, жоғарыда көрсетілген индикативті межеге жету соншалықты қиын болмайтыны анық.

Тағы бір қосарым, байқасақ ауылдағы кейбір жұртшылық жұмыс істемек түгіл, өз сиырлары мен биелерін де саумайды, аулалары қурайдың астында қалған. Ауыр еңбекке құлықсыз. Бұл – ащы да болса шындық. Ал еңбектен қашпайтындар күн сайын қаладан ауыл дүкендеріне сүт, жұ-

мыртқа, тауық етін, картоп, жуа тасып жатады. Әйтеуір күнкөріс үшін аздаған өнімін аздаған ақшаға өткізуге мүдделі болады. Ал қаладағы үйлері мен пәтерлерінің қызығын көргендер ауылға айда-саң да бармайды.

Міне, осындай жағдайға байланысты жастарды еңбек етуге мотивациялап, олардың қатарынан өткен ғасырда бұрын-соңды болмаған, күріш пен тары өсіруде алдына жан салмаған әлемдік рекорд иелері Ыбырай Жақаев мен Шығанақ Берсиев ізбасарларын тәрбиелеу керек. Үйір-үйір жылқы мен отар-отар қой өсіріп, ет пен сүт, қымыз бен құрт-ірімшік, сары май мен қаймақты береке көзіне, кәсіпке айналдыратын жастарды тәрбиелейтін, қанаттандыратын, нақтылы іс-әрекетке бағытталған мемлекеттік бағдарлама дайындап, оның орындалуын қатаң қадағалай білуіміз керек. Сонда ғана ауылды экономиканың қозғаушы күшіне айналдыра аламыз. Ауылдың тіршілігі қайнаса, мемлекеттің де, ұлттың да қазынасы артып, рухы көтерілер еді. Ол үшін мемлекеттің пәрмені күшті болу керек. Ауылды жерде жұмыс істеймін дегендерге заңдылық негізде қолдау көрсетілгені жөн болады демекпіз. Әйтпесе құр сөзден аспай, ауылдың жағдайы құрдымға кете бермек.

Хамза ОСПАНОВ,  
экономист, еңбек ардагері

» Құрбан айттан кейін әлеуметтік желіде құрбанға шалынған малдың басы мен ішек-қарнын жүк көліктерімен апарып қоқысқа төгіп жатқан көрінісі жарияланды. Мұны көрген желі қолданушылар «Бұл – барып тұрған ысырапшылдық» деп қазіргі жұрттың бас-сирақ үйтіп, ішек-қарын аршығаннан ерінетінін сынаса, енді біреулер «Адам өз кінәсі үшін қойды қынадай қыратын не жөні бар?» деп асыл дінімізге тіл тигізе бастады. «Құлақтың қасуына – масаның басуы» деп келіп тұрған соң, «Онлайн құрбандық деген – оттаған әңгіме, Құранда құрбан шалындар деген, бірақ онлайн құрбандық деген сөз жоқ» деп кері толғағандар да болды. Желідегі желдей ескен бұл әңгімелер бізге де біраз ой салды.



## ҚОЙДЫҢ БАСЫ ҚОҚЫСТА ҚАЛМАСЫН

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Ханафи мазхабында құрбан айтта шамасы жеткендерге құрбандық шалу уәжіп саналады. Осы жолды ұстанған бабаларымыздың құрбан айт кезінде әл-ауқаты жетсе, бір мал шалатын қарапайым қағидасы бүгінге дейін жалғасып келеді. Алайда қазақ «құрбан шалып, қан шығарсақ есеп» деп, дәл қазіргідей ысырапшылдыққа мүлде жол бермеген. Құрбанның басын қоқысқа тастамақ түгіл, мүжілген сүйегінің өзін беталды шашпай, адам баспайтын таза

жерге тастайды. Бұған «Құрбанға шалған мал өте қасиетті, оның сүйегін адам аяғы баспасын, ит мүжімесін» деген наным себеп болған. Малдың басын ең сыйлы тағам деп білген халқымыз құрбандықтың басын да ауылдың ақсақалдарының алдына қойған. Ал ауыл ақсақалдары әр отбасына кіріп, құрбандықтың етінен ауыз тиіп, сол шаңырақтан өткендерге құран бағыштап, жастарға бата беріп, «Айттан-айтқа аман жетейік» деп тілек тілейтін. Шебер қазақ әйелдері қойдың ішек-қарнын

тазалап аршып, жұмырға шарбы тығып, ішектен жөргем жасап, әдемілеп пісіріп, айттап келген ағайынның алдына қоятын. Өкпеге ұн құйып, есіп жасайтын әйелдер де бар.

Осы тұрғыдан алғанда, құрбанды сауап үшін шалған екенбіз, оның бас-сирағын, ішек-қарнын беталды тастау дінімізге де, дәстүрімізге де жат. «Аңның басын үйге әкелмеген, малдың басын далаға тастамаған» қазақ үшін «Аллаһу әкпар» айтып сойған малдың басын далаға лақты-

ру білген адамға әбес көрінетіні анық. Жаңадан сойған малдың басын сыйлы қонағының алдына тарта алмаудың өзі қазақ ұғымында жетесіздік саналатыны тағы бар. Әрине, қалалы жерде бас-сирақ үйту де қолайсыз, десек те қазіргідей дамыған заманда малдың басын қоқысқа тастамай, бір амалын тауып бас-сирақты үйтіп алуға жарайтын заманауи тәсілдер де аз емес қой.

Бас-сирақ демекші, Қазақстанда бас-сирақ, ішек-қарынды керексіз еткенімізбен, Иран елінде қойдың

етінен бас-сирағы, ішек-қарны қымбат десе сенесіз бе?! Себебі олар қойдың құйқасы, миы, тілі және ішек-қарнынан «Калепаша» деген тағам жасайды. Парсылардың сүйікті асына айналған бұл тағамды қазір Иран елінде қалтасы көтеретін байлар ғана жейді-мыс. Соның өзінде ішкі нарықты қамдай алмаған парсылар шетелден қымбат бағамен бас-сирақ, ішек-қарын енгізеді. Өкінерлігі, Иранға осы «тауарды» экспорттайтын елдердің қатарында Қазақстан жоқ.

Әне, сол парсыларға қой етін және бас-сирақ, ішек-қарын экспорттаумен айналысатын баян-өлгейлік «Зергер Интернешнл» ЖШҚ басшысы Нұрбол Мизамханұлы да қойдың басы мен ішек-қарнынан көп пайда келтіруге болатынын айтады. «Серіктігіміз 2008 жылы құрылған. 2011 жылдан бері Иранға қой еті мен бас-сирағын, ішкі ағзасын экспорттаумен айналысып келеміз. Себебі парсылар қойдың бас-сирағынан, миынан, тілінен және ішек-қарнынан «Калепаша» деген тағам жасайды. Ол таңғы асқа желінетін, бағасы еттен қымбат тағам саналады. Осы арадан қойды сойып, басын үйтіп, ішек-қарнын тазалап, арнайы стандарт бойынша қораптап жібереміз. Оны жуатын, тазалайтын арнаулы аспаптар бар. Бір қойдың бас-сирағы әдетте 3 келі болады. Оның әр келісін парсылар 3,8 еуродан алады» дейді Нұрбол. Енді есептей беріңіз, бір қойдың басы мен ішек-қарны біздің ақшаға шаққанда 5000 теңгеден асып жығылады. Үлкен сауданың көзі. Ал Қазақстанда мұны көп ешкім ескермейді. Ескермек түгіл, құрбандықтың басын өзін қоқысқа тастаймыз. Егер біздің елде де бас-сирақ экспорттаумен айналысатын бір серіктестік болғанда, тым құрығанда құрбандықтың басы аяққа тапталып, тау-төбе болып үйіліп қоқыста жатпас еді ғой деген ой келеді.

# СПОРТ – ЕЛ НАМЫСЫ

» «Спорт – денсаулық кепілі, спорт – ел намысы» қағидасы бүкіл әлемге ортақ ұғым. Бүгінгі таңда спорт саласы индустрияға айналған десе болады.

Төрт жылда бір рет өтетін Олимпиада ойындары тек қана спорттық бәсеке болып қалмай, елдік және ұлттық мәртебені айқындайтын көрсеткішке де айналып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан да Олимпиада ойындары мен әлем чемпиондары атанған спортшылар туған елінің батырына баланып, ұлтының мақтанышы болып отыр.

Өткен жексенбіде елімізде спорт күні аталып өтті. Әрине, биылғы спорт мерекесінде жылдағыдай жарыстар мен бұқаралық шаралар ұйымдастырылған жоқ. COVID-19 жағдайына байланысты енгізілген карантин шаралары барлық деңгейдегі жарыстарды шектеуге, тіптен жаттығулар өткізуге де мүмкіндік бермеді. Дегенмен, спорт ұйымдары мен жекелеген спортшылар онлайн шаралар өткізіп, жұртшылықтың дене шынықтыруына, қашықтан сайысқа түсуіне ықпал жасады.

Ал бүгінде карантин шаралары біртіндеп жеңілдетіліп, үлкен спортпен қатар балалар мен жасөспірімдердің жаттығулары да жандана бастады. Карантинге байланысты тоқтатылған футбол чемпионаты да қайта жалғасты.

Жанкүйерлер үшін де биылғы жыл сәтсіз болғандай. Олай дейтініміз, төрт жыл күткен Олимпиада ойындары мен футболдан Еуропа чемпионаты келесі жылға ауыстырылды. Бұл өзгерістер қаншама спортшылардың үмітін суытып, жүйкесін жұқартқаны сөзсіз.

Біз бүгін кешегі өткен спорт күніне

орай Қазақстан спортының абыройын көтерген спортшыларымыз жайында еске алғанды жөн көрдік. Бұл ретте алдымен таяуда өмірден кеткен атақты спортшымыз, Олимпиада ойындары мен әлем чемпионы, Қазақстанның Еңбек Ері атанған Жақсылық Үшкөпиров есімін ыстық ықыласпен еске түсіреміз. Кеңес одағы кезінде-ақ Қазақстан спортының абыройын көтеріп, тамаша жеңістерімен халқының мақтанышына айналған Әмин Тұяқов, Шәміл Серіков, Серік Қонақбаев, Анатолий Быков, Рязанцев, Нелли Ким, Виктор Тихоненко, Анатолий Храпатый, Дәулет Тұрлыханов сынды саңлақтар тәуелсіз Қазақстан намысын қорғайтын жастарға жарқын жол көрсетіп берді десе болады. Ал еліміз егемендік алғаннан бергі Олимпиада ойындары мен әлем біріншіліктерінде де жеңістен кенде қалмадық. 1994 жылдан бастап көк байрағымызды әлем аспанында желбіреткен спортшыларымыз жазғы ойындардан 19 алтын, 22 күміс, 28 қола медаль жеңіп алса, қысқы спорттан 1 алтын, 3 күміс, 4 қола жүздеге ие болған екен. Төрткүл дүниенің үздіктері бақ сынаған байрақты бәсекеде Бекзат Саттарханов, Ермахан Ыбырайымов, Владимир Смирнов, Василий Жиров, Ольга Шишигина, Юрий Мельниченко, Бақтияр Артаев, Александр Винокуров, Бақыт Сәрсекбаев, Ольга Рыпакова, Серік Сәпиев, Дмитрий Баладин, Данияр Елеусинов және басқа да сайыпқырандарымыз өз жеңістерімен Қазақстан



халқын қуанышқа бөлегені сөзсіз.

Бүгінгі таңда Қазақстан халықаралық спорт аренасына айналып отырғаны да айқын. Соңғы жылдары елімізде көптеген спорт инфрақұрылымды бой көтеріп, бірнеше спорт түрінен әлем чемпионаттары, Олимпиада ойындарына іріктеу турнирлері, сонымен қатар Азия ойындары өтті. «Астана» футбол және вело командалары, «Барыс» хоккей клубы халықаралық мәртебелі жарыстарда өнер көрсетіп, елдік мерейімізді көтеріп жүр.

Қазақстан спортының осындай жеңісті жолы келешекке қол созған жас сайыпқырандарға өнеге де, сенім де беретініне үкілі үмітпен қараймыз.

## ПРЕМЬЕР-ЛИГА ҚАЙТА ЖАЛҒАСАДЫ

» Қазақстан кәсіпқой футбол лигасы ұлттық біріншіліктің қайта жалғасатынын жариялады. Премьер-лига ойындары Алматы және Талғар қалаларында өтетін болып шешілді.



COVID-19 жағдайына байланысты осыған дейін екі рет үзілген Премьер-лига ойындары бүгін қайтадан жалғасатын болды. Атап айтқанда, төртінші турдың «Каспий» (Ақтау) – «Қайрат» (Алматы), «Жетісу» (Талдықорған) – «Ордабасы» (Шымкент), «Тараз» – «Қызылжар»

(Петропавл) матчтары бүгін өтеді. Ертең «Шахтер» (Қарағанды) – «Қайсар» (Қызылорда) командалары кездеседі. Осы турда өтуге тиіс «Тобыл» (Қостанай) – «Астана» ойыны елордалық команданың УЕФА-ның Чемпиондар лигасында матч өткізетініне байланысты кейінге шегерілді.



Бетті дайындаған  
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

## ҮШ ОЙЫН – СЫРТ АЛАҢДА

» КХЛ чемпионатында ел намысын қорғайтын астаналық «Барыс» хоккей клубы жаңа маусымға қызу дайындалып жатыр. Біздің команда чемпионаттың алғашқы үш ойынын сырт алаңда өткізетін болады.

«Барыс» бірінші ойында 3 қыркүйек күні Ригада жергілікті «Динамо» командасымен кездеседі. 5 қыркүйек күні елордалықтар Минск қаласында ойнайды. Бүгінде минскілік «Динамонның» фанаттары өз командаларының өз алаңында өткізетін ойындарына байкот жариялап жатыр. «Елдегі әлеуметтік-саяси жағдай тұрақталмай, түрмеге қамалған адамдар босатылмаса команданы қолдауға, жанкүйер болуға қарсылық білдіреміз» делінген фан-клуб парақшасында.

«Барыс» үшінші ойынды Мәскеуде ЦСКА командасына қарсы өткізеді.

Ал «Барыста» өз алаңындағы бірінші матч 10 қыркүйекте өтеді. Бұл күні елордалық клуб Қытайдың «Куньлунь Ред Стар» командасын қабылдайды. Алайда COVID-19 жағдайына байланысты бұл ойынның «Барыс Арена» стадионында өткізілетіні немесе өткізілмейтіні жөнінде әлі нақтылы шешім қабылданған жоқ.



## «АСТАНА» БРЕСТ ҚАМАЛЫН АЛА МА?

» Бүгін, яғни 18-нен 19-ына қараған түнде (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 00.00 сағатта) елордалық «Астана» Брест қаласында жергілікті «Динамо» командасымен чемпиондар лигасындағы бірінші кездесуін өткізеді.

COVID-19 жағдайына байланысты қабылданған УЕФА ережесіне сәйкес жеңімпаз команда бір ойында анықталатын болады. Демек, Брест алаңында өтетін ойында жеңген команда бірден келесі айналымға

шығады. Жеңілгені Еуропа лигасына түседі. Егер «Астана» жеңсе, онда екінші айналымдағы матчты, «Астана Арена» стадионы жөндеуге жабылғандықтан, Қостанай қаласында өткізетін болады.



## ҰЛЫ ҒҰЛАМАЛАР ҰЛАҒАТЫ

» Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағынан көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтар бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгерді, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жазып, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыра білді.

Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі – күллі әлемге танымал ұлы тұлға, бүкіл шығысты мойындатқан Әбу Насыр әл-Фараби болса, екіншісі өзіндік гуманистік ойларымен тәнті еткен Абай Құнанбайұлы. Әбу Насыр әл-Фараби және Абай Құнанбайұлы секілді ұлы тұлғалар арқылы қазақ даласында ежелден жазу мен сызудың, өркениеттің, ғылым мен білімнің, музыка, жазба әдебиетінің өркендегенін бүкіл әлемге паш ететін боламыз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына жасаған алғашқы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында: «Келер жылы аталып өтетін маңызды мерейтойлар мен елеулі оқиғаларға дайындық жұмыстары басталды. Ендігі жылы бәріміз Әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларын атап өтеміз. Мерейтой барысында ысырапшылдыққа жол бермей, ғұлама тұлғаларымыздың еңбектерін халық арасында дәріптеуіміз керек» деп атап өткен болатын.

Қазіргі уақытта ғалым, философ Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық

және ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларын мемлекеттік деңгейде атап өту жоспарланып, іс-шаралар өткізілуде.

Ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның «Абай мен Әл-Фарабидің көздегені адамдардың рухани байлығы, олардың бақытты болуы мен әсемдікке ұмтылуы болып табылады» деген пікірі бар. Қазақтың бағына біткен тұлғалар Әл-Фараби мен Абай екі бөлек дәуірде өмір сүргенмен, екеуінің қалдырған еңбектері мен жазбаларында, айтқан даналық, ғибратты сөздерінде үлкен байланыс жатыр. Біз бұл тұлғаларды өздері айтқан ғылыми-танымдық ойлары арқылы танып білеміз. Абай мен Әл-Фарабидің ой-толғамдары – халқымыздың үлкен мұрасы.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың 2018 жылдың қараша айында жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұлан-ғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты. Мәселен, орта ға-



сырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелді» деп атап өткен еді.

Ұлы тұлғалар Әл-Фараби мен Абай өз ойларын әр түрлі сөзбен жазса да, олардың мағынасы бір-бірімен аста-сып жатыр. Абайдың қара сөзі мен өлеңдерін оқыған әрбір адам өмірін босқа өткізбесі анық десек қателеспейміз. Себебі қалдырған еңбектері парасаттылық пен даналыққа, бір сөзбен айтқанда өмірді лайықты сүруге үйретеді.

Ұлы Абайдың өлеңдерінен ар-ұят, еңбек, намыс, адамгершілік, парасаттылық ұғымдарын жиі кездестіруге болады. Осылар-

дың барлығы жастарымыз үшін мәңгілік мұра. Осы мұраны жастарымыздың санасына балабақшадан бастап сіңіруіміз керек деп есептеймін.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастауымен «Әл-Фараби және қайырымды қоғам» тақырыбында «Адалдық сағаттары» өткізілуде. «Әл-Фараби және қайырымды қоғам» тақырыбында «Адалдық сағаттары» инстаграм әлеуметтік желісінде тікелей эфир арқылы жарияланып, насихатталып жатыр.

Сонымен қатар Нұр-Сұлтан қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қи-

мыл департаменті жанындағы ақпараттық үгіт-насихат штабының жетекшісі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Сәдібек Түгел ағамыз да facebook әлеуметтік желісінде агенттіктің атқарып жатқан «Адалдық сағаттары» жастар тәрбиесінде үлкен орын алатындығын атай отырып, биылғы жылы өткізілгелі отырған Ұлы тұлғалар Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойлары және Алтын орданың құрылуының 750 жылдығы атап өтетінімізді сөзге тиек етті. Сондай-ақ үш мерей тойдың ел абыройын көтеретін мерекелер екенін айтып өтті.

Нұр-Сұлтан қаласы Сы-

байлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті жанындағы ақпараттық үгіт-насихат штабының мүшелері Ұлы тұлға Әл-Фарабидің мерейтойына қатысты шараларды алдағы уақытта да жалғастыратын болады.

Мақаламды Әл-Фарабидің «Бақытқа жету жолында барлық халық бір-біріне көмектесетін болса, жер беті түгелімен берекеге толады» деген сөзі қазіргі жағдайға байланысты айтылған деп аяқтаймын.

**Е.НҰҒЫМАНОВ,**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті жанындағы ақпараттық үгіт-насихат штабының мүшесі

## БАСШЫНЫҢ ОН ЕКІ ҚАСИЕТІ

» Әл-Фараби даналығында кемеңгер басшы сыртқы тұлғасы арқылы ерекше көрінуі керек: «Мінсіз мүсінді, иман жүзді болуға тиіс», яғни, бойшаң, жүзінен нұр төгіліп тұратын иманшуақты адам. Бұл – бірінші қасиет.



**Екінші қасиет.** Өзіне айтылған сөздің бәрін терең түсінетін және істің жай-жағдайына сәйкес жан-жақты тез ұғып алатын аса

зерек болуы керек. Алдына келген адамның сөзін мұқият тыңдап, сол бойынша кеңесіп, мәселені шешуге бейім болуы керек.

**Үшінші қасиет.** Ол өзі жүрген, көрген, естіген нәрселердің бәрін зердесіне ұзақ сақтайтын, бұлардан еш нәрсені ұмытпайтын

адам болсын. Өзі араласқан оқиғалар мен жағдайларды есте сақтау қабілеті жоғары болуы тиіс.

**Төртінші қасиет.** Бірінші басшы терең ой иесі және жадында сақталғандардың бәрін айдан анық етіп айтып бере алатын шебер әрі шешен болуы шарт. Естігені мен көргендерін бейнелі тілмен шебер әңгімелей отырып, орынды әзілдей білетін болуы керек.

**Бесінші қасиет.** Ғылым-білім мен өнерге жаны құштар, әр күн сайын оқып үйренуден шаршап-шалдықпайтын адам болуы тиіс. Ғылым мен өнерді терең түсініп, оны пайдалана біліп, өзі басқарып отырған салаға енгізе отырып, жақсы нәтижеге жеткізе білуі керек.

**Алтыншы қасиет.** Тағамға, ішімдікке, сайран-сұқплат құруға келген-

де қанағатшыл болуы керек. Тағамды талғап ішіп, ішімдік атаулыдан бойын аулақ ұстап, темекі, насыбай сияқты жағымсыз әрекеттерден қашық болғаны жөн. Бос әңгімеден аулақ, салиқалы ой беретін әңгіме-сұқпаттан қашпағаны жөн.

**Жетінші қасиет.** Жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болу. Қолы боста таза ауада серуендеп, табиғат аясында өткізуді бұлжымас әдетке айналдыру тиіс.

**Сегізінші қасиет.** Шындықты сүйіп, жалғандыққа қарсы тұра білуі жөн. Шындық үшін күресуде өз әліңді біліп, болмасқа ұмтылмай, жалғандықты қолдамай, бұл бағытта абаймен қимылдай білуі керек.

**Тоғызыншы қасиет.** Жаны асқақ және ар-намысын аса ардақтайтын адам болуы керек. Биікте жүрсе де, тағдыр жолымен төмендесе де ар-намысына кір шалдырмай, өзін әрқашан асқақ ұстап, қарапайым-

дылығы мен кісілігін жоғалтпауы керек.

**Оныншы қасиет.** Оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары, игі істерге ынтызар болуға тиіс. Пасықсыған пысықтардан өзгеше жақсы істердің ұйытқысы, жасампаздыққа жолбасшы бола білуі тиіс.

**Он бірінші қасиет.** Әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін адам болсын. Бұл жөнінде өзі басшылық жасайтын орында қиянатқа бармай, жақын-жуыққа бұрмай барлығына тең қарап отыруы қажет.

**Он екінші қасиет.** Өзі қажет тапқан істі жүзеге асыруға келгенде шебер шешім қабылдап, бұл шақта қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін, бірбеткей, батыл, ержүрек болуы міндет. Өз идеясын жүзеге асыруға келгенде батыл, өз әрекетіне сенімді, жалтақтамай шешім қабылдай білуі қажет.

**Ильиас ИСПАНОВ**



» **Өнерсүйер қауымға рухани байлық сыйлап, музыка әлемінің терең сырынан сусындатар тағылымы мол өнер ордасы – «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы қазақ музыка өнерінің нағыз қара шаңырағына айналды. Тарихы бай, тамыры терең «Қазақконцерт» әрдайым ұлттың рухани мүддесін ұлықтап, еліміздегі музыкалық өнердің дамуына зор үлес қосып келеді. Биыл алпыстың асуын бағындырған «Қазақконцерт» дәстүр мен жаңашылдықты қатар ұштастыра алды ма, қазіргі уақыттың күрделі ахуалына бейімделе алды ма? Осы және өнер төңірегіндегі өзге де өзекті мәселелер туралы «Қазақконцерт» МКҰ директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жеңіс Сейдуллаұлы әңгімелеп берді.**



**АЛПЫС ЖЫЛДЫҚ АСУ**

– Жеңіс Сейдуллаұлы, «Қазақконцерттің» алдағы алпысыншы мерейтойлық маусымы несімен қызық болмақ?

– Жаңа концерттік маусым – біз үшін айрықша белес. Көрермендермен қауышуға асыққан «Қазақконцерт» ұжымының жаңа маусымда жұртшылыққа ұсынар жаңалығы аз емес. Мерейтойлық жылдың аясында әртістеріміз көрермендерді онлайн және дәстүрлі форматтағы жаңа концерттік бағдарламалармен, керемет премьералар және тың жобалармен қуантпақ.

– Әдетте әртүрлі шығармашылық ұжымдар мерейтойларында кітап, күйтабақ шығару сияқты істерді қолға алып жатады. Сіздер көрермендерге не дайындап отырсыздар?

– Жуырда «Қазақконцерттің» аңыз тұлғалары орындаған атақты әндер мен қазіргі таланттары ұсынып жүрген танымал туындылар енген онлайн медиатека жарық көреді. Тағы бір үлкен еңбегіміз – ұйымның 60 жылдығына арналған мерейтойлық кітап. Бұл екі туындымыз электронды форматта жарияланып, қолданыста ыңғайлы әрі қолжетімді болмақ. Музыкалық мәдениет тарихында қалатын тағы бір құнды дүние – «Қазақконцерт» тарихы мен бүгінгі жетістіктеріне арналған деректі фильм. Мерейтойлық концерттік маусымның шымылдығы үлкен онлайн концертпен ашылмақ. Бұның барлығы өнерсүйер қауымға тарту ететін керемет тосын сыйларымыздың бастамасы ғана.

– Ал елу тоғызыншы концерттік маусым қалай өтті? Қорытындыларын өз аузыңыздан естесек...

– Өткен концерттік маусым жаңа концерттер мен қойы-

лымдарға, айтулы жетістіктерге және күтпеген жаңалықтарға толы болды. «Қазақконцерттің» шығармашылық ұжымдары өнерсүйер қауымға түрлі жанрлық бағыттағы ерекше 43 концерттік іс-шараны ұсынды.

рухани дүниелерін бір «Қазақконцерттің» өзінен таба білді.

Бұған қоса, премьералар мен жоғары сапалы өнер туындыларынан республика аймақтары да, шетелдік көрермендер де құр қалған жоқ. Өткен концерттік

# «ҚАЗАҚКОНЦЕРТ» – МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

59-шы концерттік жыл талғампаз тыңдарманның жанды дауыстағы музыкаға, жоғары сапалы концерттік бағдарламаларға деген ықыласын арттыра түсті. Осы орайда «Қазақконцерттің» құрамындағы Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрі, «Форте трио» мемлекеттік триосы, «Астана сазы» қазақ мемлекеттік фольклорлық ансамблі, «Астана миюзикл» театры, «Халық қазынасы» мемлекеттік фольклорлық өнер бөлімі, «Эстрада бөлімі», «Saz&soul» вокалдық-аспаптық ансамблінің әртістері мен солистердің шығармашылық еңбегі зор. Басқаша айтқанда, музыкалық, танымдық және эстетикалық талғамдары әртүрлі өнерсүйер қауым өзінің сүйіп тыңдайтын

маусымда ел аймақтарында – 25, шетелдерде 15 гастрольдік сапар сәтті жүзеге асты.

**КАРАНТИН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР КЕЗЕҢІ БОЛДЫ**

– Карантин енгізілген шақта «Қазақконцерт» үшін жаңа бағытқа бетбұрыс жасау қаншалықты қиын болды?

– Иә, карантин кезінде көрермендеріміз үшін алдын ала дайындалған көптеген іс-шаралар өткізілмей, шығармашылық жоспарға едәуір өзгерістер енгізуге тура келді. Алайда мол тәжірибесі бар «Қазақконцерт» үшін карантин жаңа мүмкіндіктер кезеңіне айналды.

Бұл кезеңде көрерменге пайдалы, танымдық әрі позитивті онлайн жобаларды ұсындық. Солардың ішінде ең ауқымды жоба – Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен және «Қазақтелекоммен» бірлесіп жүзеге асқан «Карантиндегі жұлдыз» онлайн жобасы. Бұл жобадағы онлайн концерттер бірден көрермен жүрегіне жол таба білді. 50 онлайн концерт ұсынылып, 140 қазақстандық әртіс қатысқан және 20 миллион көрермен тамашалаған бұл жоба карантиндегі үздік бастамалардың біріне айналды. Бұған өнер сүйер қауымның көптеген жылы лебіздері мен алғысы дәлел.

**КЕЛБЕТІН ТАПҚАН КӘСІБИ ҰЖЫМ**

– Тамырын тереңге жайған «Қазақконцерт» 60 жылдың ішінде өзіндік келбетін тапты ма?

– «Қазақконцерттің» келбетін қалыптастыратын екі фактор бар деп білемін. Соның бірі – ұйымның құрамындағы өнер ұжымдары мен солистер. «Қазақконцерт» тыңдарман мен өнер арасындағы алтын көпір болса, концерттік ұйымның тіршілігіне жан беріп, рухани мұрамыз бен тыңдарман арасын жалғаушы – өнер ұжымдарымыз бен солистеріміз

алтын көпір болса, концерттік ұйымның тіршілігіне жан беріп, рухани мұрамыз бен тыңдарман арасын жалғаушы – өнер ұжымдарымыз бен солистеріміз.

Арыдан бері қарай тартсақ, «Қазақконцерт» тарихында Шара Жиенқұлова, Жамал Омарова, Жүсіпбек Елебеков, Рабиға Есімжанова, Жаппас Қаламбаев, Ғарифолла Құрманғалиев, Мағания Хамзин, Еркеғали Рахмадиев, Роза Бағланова, тағы басқа қазақ музыка мәдениетінің қазығын қаққан көптеген ірі тұлғалардың айқын ізі қалды.

Олардың жарқын ізін Алтынбек Қоразбаев, Сара Тыныштығұлова, Айман Мұсақожаева, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Айжан Нұрмағамбетова, Димаш Құдайберген, Ерлан Рысқали, Азамат Жылтырқозов, Мөлдір Әуелбекова сынды белгілі, белді талантты өнерпаздар лайықты жалғады.

Қазақконцерт болмысын қалыптастыратын екінші маңызды фактор – біз ұсынатын концерттік іс-шаралар. Көрермендерді бірден баурайтын ерекшелік – сапалы әрі тек жанды дауыстағы әуендердің, жоғары музыкалық-эстетикалық талғамның, рухани тәлім-тәрбие берер және таным көкжиегін кеңейтер тың шығармашылық дүниелердің шебер үйлесім табуы.

Бірнеше музыкалық жанрды тоғыстырған «Қазақконцерт» бұл ерекшелігін көрсетіп келе жатыр. Оның жарқын үлгілері – «Көшпенділер рухы» концерті, «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің үлкен концерті, «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы», «Жаңа жылдық кездесу», «Ұлыстың ұлы күні» тағы басқа концерттер. Концерттер мен қойылымдарымыз әрдайым халыққа қолжетімді және әртүрлі жас шамасындағы үлкенді-кішілі көрермендерге арналған.

«Қазақконцерттің» алпыс жылдағы жетістіктерін бір ауыз сөзбен айтып тауысу мүмкін емес. «Біз осындаймыз» деп мақтанғаннан гөрі, енді қай биіктен асамыз деген үлкен мақсат бар алдымызда.

– Әңгімеңізге рақмет! Өнер ұжымы алдағы мақсаттарына жете берсін!

Сұхбаттасқан  
Аманғали ҚАЛЖАНОВ







@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Table with 10 columns: ID, Surname, Name, Middle Name, Date of Birth, Position, and Description. It lists candidates for various positions, including members of the Constitutional Court and judges of the Constitutional Court.







Сіздерді Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құрылған күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!  
Тәуелсіздігіміздің айрықша белгісі – мемлекеттік шекараны көздің қарашығындай қорғап, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде сіздердің еңбектеріңіз ерен.  
Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік, қызметтеріңізге табыс тілеймін! Ел аман, жұртымыз тыныш болсын!

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!**  
2020 жылғы қыркүйектің үшінші онкүндігінде өтетін Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына «Табиғи және техногендік сипаттағы Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, елордада өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Нұр-Сұлтан қаласының төтенше жағдайлар департаментінің атқарып жатқан жұмыстары туралы» мәселе енгізіледі.  
Осы мәселе бойынша ұсыныстарыңыз бен ескертпелеріңіз болса, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты аппаратының мына телефондарына 55-66-36, 55-66-31 және [http://www.maslihat\\_org@mail.ru](http://www.maslihat_org@mail.ru) электрондық поштасына хабарласуларыңызға болады.  
**М.ШАЙДАРОВ,**  
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а.

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ НАЗАРЫНА!**  
2020 жылғы 21 тамызында сағат 16.00-де онлайн тәртібімен Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесінің отырысы өтеді.  
**Қоғамдық кеңестің қарауына мынадай мәселе және нормативтік құқықтық актінің жобасы енгізіледі:**  
1. Елорданың білім беру мекемелерінің жаңа оқу жылына арналған пандемия жағдайында дайындығы туралы есебі.  
2. Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы.  
Анықтама мына телефондар бойынша: 55-74-05; 87014043282  
**С.ЕСІЛОВ,**  
Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесінің төрағасы



**ҚЫРЫҚ КҮН ТОЛДЫ ӨТКЕНІҢЕ ӨМІРДЕН**  
Өкініші мен әттеген-айы көп опасыз жалған дүние-ай. Сырқатыңнан айығып, ауруханадан үйге шығатыныңа сендік емес пе?!  
Әттең-ай, жабысқан дерттің дәл осы кезде арамыздан алып кетерін білгенде басқаша әрекет жасарма едік.  
Міне, Айтуар Оспанов ағамыздың бұл жалғаннан мәңгілік өмірге өткеніне 40 күн толып отыр.  
Фәни дүниеден бақиға 63 жасында аттанған әкемізбен, 49 жасында көз жұмған шешемізден кейін артында қалған шиеттей бауырлары үшін асқар таудай сүйеніші едің.  
Сен бас қаланың бәйтерегін сомдағанда, әулетіміздің бәйтерегі өзің екендің сездіңбе екен жан аға. Әкеміз дүниеден өткенде мен 32 жаста болсам, анамыз дүниеден озғанда небәрі 25 жаста екенмін. Сенің көлеңкенің саясынан ата-ананың өлімі дәл осындай ауыр сезілмегендей. Біреу білсе, біреу білмес әулетіміздің алып Бәйтерегі құлады. Сенің орның үңірейіп тұр. Тете өскен маған осылай сезіліп тұр. Артыңнан ерген бауырларыңа дәл сендей қамқор бола аламын ба, жан аға. Өзіңнің ерекше мінезіндей сабырлылық пен байсалдылық бойымыздан табылар ма екен ағатай?! Елінің, ұлтының туын жоғары ұстаған асыл азаматқа мақтан үшін, жұртқа көрініп қалу үшін жасалатын іс-әрекеттер жат еді. Ондай пендешілікті сенің жаның сүймейтін.  
Отаны мен елін шексіз сүюдің, туған халқына адал қызмет етудің жарқын үлгісін бір өзіңнен көруге болады. Әрқашан өз-өзіне үлкен талаппен қарайтын Айтуар өмір бойы оқып, ізденуден ешбір жалықпай кетті. Оның жан-жақтылығы, білімділігі, мәселені байыппен шешетіні, көпшілікпен қарым-қатынаста қарапайымдылығы жұрт көңілінен шығатын. Сен өз кәсібіңнің шыңына шықтың десем болады. Тәбиғатыңа тән әр ісіңнің тиянақтылығы мен мазмұнының тереңдігі өз жемісін берді. Отбасылық қарым-қатынаста да жүрегіңнің кеңдігінен болар, бауырларыңның балалары мен немерелері де өзінді жан тәндерімен жақсы көретін.  
Осы бір жүрек жарды тебіреніспен бауырларыңа аяулы аға, Рысты жеңгемізге сүйікті жар, Айнар мен Әйгерімге асқар таудай әке болған, кішкентай Нәдираның жан атасына жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын демекпіз.  
Сағыныштан сағымға айналған арысым, қош, бақұл бол.  
**Бауырың Айтуған**

## ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ



Жақсы адамдар арамыздан кетіп жатыр...  
Өмірі дастанға негіз болатындай, тағдырдың сынағына қарсы тұра білген, қайрат пен қайсарлықтың символындай болған асыл жан, Қамқа Мәдиқызы Жасанова өмірден озды деген суық хабар сай-сүйегімізден өтіп, санамызды шайқалтты...  
Кезінде екі балапанының келешегі үшін (өмірге келген төрт перзентінің екеуі есту-сөйлеу қабілеті жетілмей туған) арнайы мектеп іздеп, өзге өңірлерді де шарқ ұрып аралаған бейбақ ана Талдықорған қаласынан іздегенін тауып, сонда біраз жыл тұрақтап қалған болатын. Сондағы арнайы мектеп-интернатта сәбилерінің сауатын ашуға қолы жеткен ананың бақытқа балқыған шақтары астаналық қоғамдық ұйымдарға белгілі. Балаларының келешегі үшін туып-өскен жерін, үй-күйін тастап, жыраққа жол тартқан ананың еңбегі ақталды, балалары біліммен қоса арнайы мамандық та алды. Қазір олардың әрқайсысы үлкен азамат болып өсті, бір-бір үйдің иесі, олар бақытты отбасы жағдайында!

Қамқа Жасанова өз ортасында сыйлы, қоғамдағы беделі жоғары, ол өз саласындағы танымал маман, көшбасшы. Ол өзінің отбасы мен балаларынан өзге бүкіл қоғамға, туғанынан кемтар өзге де жас жеткіншектерге үлкен мүмкіндіктер сילהан қамқоршы, тәлімгер, аяулы жан. Ол кісінің қоғам алдында атқарған еңбегі ерлікке бергісіз тірлік! Қамқа Мәдиқызы сол жылдары бірқатар аналарды жанына топтастырып, қаламызда ең алғашқы мүгедек балаларға арналған – «Астана қаласы мүгедек балалар қоғамы» қоғамдық бірлестігін құрды. Уақыт өте келе ол кісі Қазақстанда алғашқылардың бірі болып ең алғашқы инклюзивтік сынып ашуға мұрындық болды. Елордада инклюзивтік сыныптар жұмысын бастады! Қамқа Мәдиқызы қазіргі еліміздің білім саласындағы инклюзивтік білім беру үрдісінің бастауында болды, ол бұл бағыттағы Көшбасшы деген атаққа әбден лайық тұлға! Бұл жайында кезінде көлемді, дәлелді-дәйекті материал да жарияладық, республикалық «Әлеумет тынысы» журналында.  
Оған қоса Қамқа Мәдиқызы Елордадағы колледждің бірінде есту-тілқатысу қабілеті дамымаған жастар үшін кәсіби білім алатын, мамандық беретін арнайы бөлім ашуға мұрындық болды, сол жолда талай тер төкті. Өзінің де, өзімен мұндас өзге аналардың да ізгі арманы – мүгедек балаларды ересек өмірге дайындау-бейімдеу жолында Қамқа құрбымыздың атқарған еңбегі ұшан-теңіз! Енді міне, сол адал еңбектің зейнетін көретін кезеңге жетуге шақ қалғанда, өмірден озып кете барғаны – қайғылы, өкінішті, орны толмайтын жағдаят.  
Азаматтық қоғамның белді өкілі, жергілікті және республикалық деңгейде кеңінен танымал Қамқа Жасанова мүгедек балалардың қажеттіліктеріне қызмет ете жүріп, биліктегі тиісті құрылымдармен де қоян-қолтық араласа еңбек етті. Бірнеше мәрте жергілікті және жоғары Үкімет орындарынан алған марапаттары да сол адал еңбегінің бағаланғаны. Мемлекеттік марапатқа да ие болды, «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» медалінің орны Қамқа Жасановадай асыл азамат хәм қоғам қайраткері үшін өз алдына бір төбе.  
Қамқа Мәдиқызының артында қалған отбасына, балаларына, отағасына, жақындарына қайғырып көңіл айтамыз. Оларға Алла сабыр берсін, қазаның арты қырсықсыз болсын деген тілектеміз.  
**Қамажан ЖҰМАҚАСОВА,**  
Нұр-Сұлтан қаласы әкімі жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара қатынасты үйлестіру кеңесінің мүшесі

«Elorda Aqparat» медиакомпаниясы мен «Астана ақшамы» газетінің ұжымы ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммедке анасы  
**Гүлғасыл Нүсіпқызының**  
қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

## «КҮМІС ҚАБЫЛАНҒА» ИЕ БОЛДЫ

» Қазақстандық режиссер Жаннат Алшанованың «Өркениет тарихы» атты қысқа-метражды фильмі Швейцариядағы халықаралық кинофестивальде марапатқа ие болды.

«Бұл мүлдем таңқаларлық жайт. Біздің «Өркениет тарихы» фильміміз Локарнодағы халықаралық кинофестивальде «Күміс қабыланға (pardini d'argento)» ие болды» деп жазды Жаннат Алшанова әлеуметтік желідегі парақшасында.

Оның айтуынша, марапат командасына үздік қысқа метражды фильм аталымы бойынша берілген. Локарнодағы халықаралық кинофестиваль маңыздылығы жағынан Еуропадағы Канн, Венеция және Берлин кинофестивальдерінен кейін төртінші орында тұр. Фестивальдің Швейцарияның Тичино кантонындағы италян тілдес шағын қалашықта өткеніне қарамастан, жыл сайын кино көрермендердің, кинематографистердің және киношолушылардың үлкен шоғырын өзіне баурап отыр. Байқаудың бас жүлдесі – «Алтын қабылан» деп аталады.



## ЖАЗДЫ КІТАППЕН БІРГЕ ӨТКІЗ...

» Елордадағы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №3 балалар кітапханасы онлайн режимде «Жазда кітаппен бірге» деген фотобайқау ұйымдастырды.



Бұл игілікті шараның мақсаты: балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Олар жазғы демалыста оқыған кітаптары жайында бейнесюжет жолдайды, ұнатқанын басқа да қатарластарына оқуға ұсынады.

Фотобайқауға қатысуға ниет білдіргендер бас шаһардан ғана емес, еліміздің әр түкпірінен болды. Мәселен, Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Дариян ауылынан Шашты Шарманданова деген жеткіншек ақын Бауыржан Халиолланың «Жан тебіреніс»

кітабы жайында бейнесюжет жіберген. Сондай-ақ Павлодар қаласында тұратын Мақсұт Әйгерім Ыбырай Алтынсариннің әсерлі әңгімелері туралы жолдаса, елордалық Балым Алдабергенова Абай атамның қарасөздерін оқуға ұсыныпты.

№3 Балалар кітапханасының меңгерушісі Марал Ақтаева өз сөзінде осы шараға белсенді атсалысқан жеткіншектер мен олардың ата-аналарына алғысын жеткізді. Байқауда жеңімпаз атанған балалар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

## ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР



## БАЛУАН ШОЛАҚТЫҢ ДОМБЫРАСЫ

» Жауырыны жерге тимеген балуан, ат құлағында ойнаған өнерпаз, композитор Нұрмағанбет Баймырзаұлын халқымыз еркелетіп «Балуан Шолақ» деп атаған.

Алып атамыз Арқа жерінде, дәлірек айтқанда қазіргі Ақмола облысы, Бұланды ауданы Тастыөзек деген жерде өмірге келген. Кеңес өкіметі кезінде бұл ауыл «Красный кордон» деп аталды. Бұл кісі атағы жер жарған балуан немесе алып күш иесі ғана емес, өзі ұстаз тұтқан Біржан сал, Ақан сері әндерін орындаушы әрі насихаттаушысы болды. Олардың өнерлі жолын жалғап, өзі де сөзі мен сазы үйлескен ән шығарды. Балуанның бүгінге жеткен «Ащылы-айырық», «Балуан Шолақ», «Желдірме», «Дікілдек», «Көкшетау», «Қосалқа», «Қос барабан», «Қос перне», «Құлан кісінес», «Кенже қоңыр» секілді әндері бар. Оның халық арасына кеңінен тараған әні – «Ғалия». Белгілі музыка зерттеушісі А.Затаевич ел арасынан Балуан Шолақтың бірнеше әндерін жазып алып, оны «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қа-

зақтың 500 әні мен күйі» жинақтарына енгізген.

Былтыр алып күш иесінің өмірден озғанына 100 жыл толуына орай, балуанның немересі Шайдолла Шолақовпен кездесіп, сұхбаттастым. Сонда ол кісі әңгіме арасында атасының домбырасы туралы айтып еді.

«Бұл домбыраны атам жасаған дейді. Бұған мен сенемін. Өйткені оның әкесі Баймырза бабамыз темірден түйін түйген шебер болған. Ағаштан түрлі бұйым жасап, үй тұрғызған. Атам бала күнінен әкесінің жанында жүріп, шеберліктің қыр-сырын меңгерген. Қазір домбыраны атамның, әкемнің көзі ретінде қастерлеп, шаңырағымда ұстап отырмын» деген еді Шайдолла ағамыз. Міне, асылдың қолының табы қалған домбыраны оқырманға ұсынып отырмыз.



Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ



Александр КУПРИЕНКО